

Маңғыстау облысының ғимараттары мен имараттарына, жер телімдеріне реттік нөмірлер тағайындаудың талаптарын белгілеудің, елді мекендердің құрамdas бөліктеріне атаулар беру және қайта атау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысының әкімдігінің 2007 жылғы 22 қазандағы N 364 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 5 желтоқсанда N 1991 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 171 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013.06.14 № 171 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңының 27-бабының 1 тармағы 21-4) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы ақпараттандыру туралы кейбір заң актілеріне қосымшалар енгізу туралы" заңына және 2006 жылғы 30 наурыздағы N 15/253 "Маңғыстау облысындағы ақпараттандыру" өнірлік бағдарламасын бекіту туралы" облыстық мәслихаттың шешімін іске асыру мақсатында, Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Маңғыстау облысының ғимараттары мен имараттарына, жер телімдеріне реттік нөмірлер тағайындаудың талаптарын белгілеудің, елді мекендердің құрамdas бөліктеріне атаулар беру және қайта атау ережесі бекітілсін (1 қосымша).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.М. Бортникке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

Маңғыстау

облысы

әкімдігінің

2007

жылғы

22

қазандады

N

364

қаулысымен

бекітілді

**Маңғыстау облысы аумағындағы жер телімдеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер тағайындаудың талаптарын белгілеу, елді мекендердің құрамdas бөлімдеріне атаулар беру және қайта атау
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Жер телімдеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер тағайындаудың талаптарын белгілеу, елді мекендердің құрамдас бөлімдеріне атаулар беру және қайта атаудың осы Ережесі (бұдан әрі- Ережелер) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекетті басқару туралы ", 2007 жылғы 11 қантардағы " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы " және Маңғыстау облысының елді мекендерінің құрамдас бөлімдеріне атаулар беру және қайта атаудың бірыңғай тәртібін белгілеуді, олардың аттарының транскрипцияларын өзгертуді, жер телімдеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер тағайындаудың талаптарын анықтауды, көрсеткіштерді қондыру мен пайдалануды іске асыру мақсатында жасақталды.

1 Бөлім. Негізгі ережелер 1 тарау. Ережеде қолданылатын үғымдар.

1. Осы Ережеде келесі үғымдар қолданылады:

- 1) мекен-жай - Маңғыстау облысының белгіленген шекара шегінде орналасқан объектілердің (жер телімдері, ғимараттар, имараттар) тұрған жерінің реквизиттер жиынтығының құрылымдық бейнеленуі;
- 2) саяжол (аллея) - екі жағынан ағаштар, көшеттермен, өсімдіктермен қатарланған жол немесе адам жүретін көше;
- 3) ағаш егілген алаң (бульвар) - жаяу жүрушілердің жүруіне және демалуына арналған, кең, абаттандырылған жердің тілкемі (полоса);
- 4) тұрғызылған (салынған) объектілер - ғимараттары мен имараттарында бөлек кіре берісі мен қас беті қайта өндөлмей жасалған, сонымен қатар ғимараттың жаңа құрылған бөлігінің функционалдық маңыздылығы (мақсаты) өзгеретін объекті;

5) ғимарат - функционалдық мақсатына қарай адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік үдерісті орындауга, сондай-ақ материалдық құндылықтарды және тағы басқаларды орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын көтергіш және қоршау құрылымдарынан тұратын, міндетті түрде жерге орнықкан тұйықталған көлемді құрайтын, жасанды құрылыш.

Ғимараттың жер асты бөлігі болуы мүмкін.

6) инвестор - қолданыстағы заңнамаларға сәйкес өз қаражатының және қатыстырушылардың қаражаты есебінен ғимараттың (имараттың) реттік нөмірлері мен көшелердің атауларының (өзге де қала құрылышы элементтері) көрсеткіштерін дайындауды және орнатуды жүргізуі қолға алушы;

7) қала құрылышы элементтерінің санаты - қала құрылышы элементтері атауының ажыратылmas (бөлінбейтін) бөлігі, объектінің функционалдық қала

құрылыштық маңызы мен ерекшелігін сипаттайды (шағын аудан, ғимарат, көпір, көлік айналымы, фонтан, шоссе трасса, тұйық көше, кең көше т.б.);

8) квартал - магистралды көшелерден, тар көшелерге бөлінбеген құрылыштың құралымдық әлементі;

9) ландшафты-тынысжайлы (рекреациялы) аумақ - қоныстану аймақтарында орналасқан саябақтармен, бақтармен және ағаш егілген аландармен бірігіп, құрамында қалалық және селолық ормандары, орман саябақтары, орман қорғау аймақтары, табиғи сулары, ауыл шаруашылық маңызы бар жерлері бай, ашық кеңістіктер жүйесін құрайтын аймақ;

10) магистралды жол - қалалар мен басқа да елді мекендердің арасындағы көлік байланысына арналған жол;

11) шағынаудан - белгіленген шекарадағы ландшафты-тынысжайлы, болмаса өндірістік, болмаса тынысжайлы болып келетін, көшелерге бөлінбеген, құрылыштың қала құрыллатын құрылымдық - жоспарлы элементі;

12) атаулар - қалалық және селолық елді мекендердің шағын аудандарына, кең көшелеріне, көшелеріне, аландарына, басқа да құрылымдық элементтеріне тағайындалып, олардың ерекшеленіп танылуы үшін қызмет ететін жеке меншік аттары;

13) ономастикалық комиссия - тарихи атаулардың Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамды бөлігі ретінде қорғалуына, қайта өндөлуін (қалыпқа келтірілуін), топономикалық атаулардың есебін және қолдануын жөнге келтіретін, географиялық объектілердің атауларына және қайта атауларына біржақты қарауды жасақтау бойынша ұсыныс дайындастын - консультативті-кеңесші орган;

14) сәулет органды - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, әкімшілік-аумақтың бірлікке сәйкес әкімдіктің өкілеттігімен сәулет және қала құрылышы саласында реттеуді жүргізетін атқарушы орган;

15) тілдерді дамыту органды - тілдерді дамыту және ономастикалық комиссия қызметін үйлестіруді реттеуді жүргізетін атқарушы орган;

16) өтетін жер (проезд) - тұрғын үйлер мен екі көшениң арасынан өтетін көлік байланысын қамтамасыз ететін ("Т" әрпіне ұқсас екі қыылыш), көлік құралдарының кіріс жолдарын қамтамасыз ететін негізгі немесе қосымша өтетін жер.

17) объектінің реттік нөмірі - нысан мекен-жайының құрылымдық элементі: жүйелі сандардан тұратын, әріп немесе бөлшек қосылып жазылған, атауы бар (көше, шағ.ауд.т.б.) объектіге тағайындалатын объектінің қарапайым нөмірі;

18) жапсарланған объект (қосымша) - ғимараттар мен имараттарда ғимаратқа жапсарлай салынған, өзіндік дербес функционалдық мақсаты бар объекті;

19) бөлшекті жоспарлау жобасы - бас жоспар негізінде қалалар мен елді

мекендер үшін құрылыштың инженерлік - экономикалық және сәулеттік - кеңістікті шешімін айқындау мақсатында жасақталған жоба;

20) өндірістік аумақ - өндірістік мекемелер және соларға байланысты объектілерді, ішкі көлік имараттарын, қала маңы және қала сыртындағы жол байланыстарын орналастыруға арналған аумақ;

21) даңғыл (проспект) - жалпы қалалық маңызы бар магистралды көше немесе магистралды жол;

22) бау, саябақ - жер көлемі 3 га-дан 10 га-ға дейінгі аралықтағы тұрғындардың жалпы демалуына арналған, қаланың немесе селоның селитебті аумағында орналасқан, ерекше абаттандырылған тұйық шекаралармен анықталған көпшіліктің пайдалануына арналған аумақ;

23) санитарлық-қорғаныш аймағы (зонасы) - арнаулы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіп орындары мен елді мекендердің басқа да өндірістік, коммуналдық және қоймалық объектілерді жақын маңдағы қоныстану аумақтарынан, тұрғын үй - азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттардан оларға қолайсыз факторлардың әсер етуін әлсірету мақсатында бөліп тұратын аумак;

24) қоныстану аумағы (селитебті) - тұрғын үй, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және рекреациалық аймақтарды (зона) сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының жекелеген бөліктерін, басқа да объектілерді орналастыруға, орналастырылуы мен қызметі арнаулы ерекше санитарлық-қорғаныш аймақтарын талап ететіндей әсер етпейтін елді мекен аумак ның бір бөлігі;

25) қала ішіндегі бау (сквер) - жер көлемі 3 га-дан аспайтын тұрғындардың жаппай демалуына арналған, қаланың немесе селоның қоныстану аумағында орналасқан ерекше абаттандырылған, тұйық шекаралармен анықталған көпшіліктің пайдалануына арналған аумақ;

26) имарат-жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік үдерістерді орындауға, сондай-ақ материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктөрді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуғе) арналған жасанды ауқымды, тегістікті немесе желілік объекті (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Имаратқөркемдік - эстетикалық, әшекейлі-қолданбалы не болмаса мемориалды мақсатта болуы мүмкін;

27) тұйық көше (тупик) - тұрғын үй және қоғамдық ғимаратқа, мекемелерге, басқа да қалалық және селолық құрылышқа ішінен көлік құралдарына кіре берісті қамтамасыз ететін, көшелердің араларынан, бұрылмайтын көлік жолдарын құрамайтын негізгі немесе жанама (екінші) өтетін жер ("Т" әрпіне ұқсас бір қиылдыс);

28) көрсеткіш - жарық таратқыш, жарық шағылдырғыш, контрасты объектілерді, материалдарды пайдаланумен құрылған, жазулар мен сандарды түсіндіретін, азаматтарды ғимараттың, имараттың және көшелердің орналасуы, тұрған жері туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған, бейнені білдіретін белгіленген геометриялық пішіннің түрлі түсті бейнесі;

29) қаланың бөлігі (қала құрылышы элементі), алаң - көше, даңғыл, кең көше, саябақ, бақ, сквер т.б. сияқты қаланың құрамдас бөліктері. Осы Ережеде қаланың бөліктері деп әлеуметтік маңызы бар объектілері (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет т.б.) қарастырылған;

30) тапсырыс беруші мемлекеттік органдар, мемлекеттік, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар;

31) типтік нобай жобалық (жоспарлық, кеңістіктік, сәулеттік, технологиялық, конструкциялық, инженерлік, әшекейлік немесе басқа) шешімнің оңайлатылған, схема, сыйба, бастапқы сұлба (сурет) нысанында орындалған және осы шешімнің түпкі ойын түсіндіретін түрі.

2 тарау. Жер телімдеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер тағайындаудың, орнатудың және пайдалануға қабылдаудың талаптарын белгілеу, елді мекендердің құрамдас бөлімдеріне атаулар беру және қайта атау саласында Мемлекеттік реттеу

2. Жер телімдеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер тағайындаудың, орнатудың және пайдалануға қабылдаудың талаптарын белгілеуді, елді мекендердің құрамдас бөлімдеріне атаулар беруді және қайта атау саласында реттеуді келесі мемлекеттік органдар жүзеге асырады:

- 1) сәулет органдары;
- 2) тілдерді дамыту органдары;

3 тарау. Аудандарға, шағынауданға, даңғылдарға, көшелерге және басқа да қалалардың құрамдас бөліктері мен Маңғыстау облысының басқа елді мекендеріне атаулар берудің (қайта атаудың) тәртібі, олардың аттарының транскрипцияларының өзгеруі

3. Облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың бөліктерінің (бұдан әрі - қалалар) және Маңғыстау облысының өзге де елді мекендерінің атаулары, кеңістікте оларды айырып (ажыратып) білу және белгілеу үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы заңнама талаптарында

белгіленген тәртібі бойынша тағайындалады.

4. Атаулар тағайындау төмендегідей саты бойынша жүргізіледі:

1) сөүлет органдары атаулар тағайындалған немесе атаулары сәйкес келетін, қалалар мен басқа да елді мекендердің тізімін, элементтерінің кеңістіктегі орналасу үлгісі мен шекараларының анықтамасының қосымшасымен тілдерді дамыту органына жолдаиды;

2) Тілдерді дамыту органы тоқсан сайын қала құрылышы обьектілеріне атаулар және қайта атаулар тағайындау туралы сұрақтар бойынша түскен өтініш, арыздарды қарастырады және Маңғыстау облысының қалалары мен басқа да елді мекендерінің бөліктеріне атаулар (қайта атаулар) беру мәселелерін талқылау үшін ономастикалық комиссияның отырысын ұйымдастырады;

3) Ономастикалық комиссия өз отырысында тиісті қала және әкімдіктеріне қала құрылышы элементіне атаулар (қайта атаулар) беруді ұсынады және шешім шығарады;

4) немесе қаланың әкімдігі ономастикалық комиссияның қала құрылышы элементтеріне атаулар тағайындау туралы ұсынысымен келіседі және қалалар мен басқа да елді мекендердің бөліктеріне атауларды бекіту туралы мәслихатқа ұсыныс енгізеді, немесе ұсынылған материалдармен келіспей, тілдерді дамыту органына кері қайтарады;

5) немесе қалалық мәслихат қаланың немесе басқа да елді мекеннің бөліктеріне атаулар беру туралы әкімдіктің шешімімен келіседі және қалалар мен басқа да Маңғыстау облысындағы елді мекендердің бөліктерінің атауларын бекітеді немесе әкімдіктің шешімімен келіспей, материалдарды кері қайтарады;

6) қалалар мен басқа да елді мекендердің бөліктеріне атаулар тағайындау туралы немесе қала әкімдіктері мен мәслихаттың біріккен шешімдері, қызығушылық танытып отырған мемлекеттік органдар мен басқа да мекемелерге, қала құрылышы элементтерінің кеңістіктегі орналасу үлгісі мен шекараларының анықтамасының қосымшасымен жолданады.

Ескерту: 3 тараудың 4 тармағындағы 3), 4), 5), 6) тармақшаларындағы "аудан" деген сөз алғыншылдауды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008.08.06 N 734
Қаулысымен .

5. Қаланың бір бөлігі мен басқа да елді мекендеріне әр түрлі атаулар беруге жол берілмейді, тек даңғылдарға (көшелер, проездер) 30 ° жоғары бұрылышы болған жағдайда рұқсат етіледі, бұл кезде қала бөлігінің немесе басқа елді мекендердің құрылышы басталған жерінен ерекшеленген атауберіледі .

Бірдей санаттағы әр түрлі қала құрылышы элементтеріне бір атау беруге жол берілмейді .

6. Қала құрылышы элементтерінің (даңғыл, көше т.б.) табиғи тосқауылдармен (өзен, көлшік т.б.) қызылышы жағдайында пайда болған телімдерге бөлек атаулар беріледі.

7. Қаланың немесе басқа да елді мекендердің аумақтарын сатылап игерген жағдайда, қала құрылышы элементтерін, жекеленген, атаулармен логикалық байланысқан, уақыт ішіндегі сол қала құрылышы элементінің құрылышы мен дүрыс қалыптасқан сатысына сәйкес, жекеленген, бөлек телімдерге бөлуге рұқсат етіледі.

2 Бөлім. Маңғыстау облысы қалалары мен басқа да елді мекендердің жер телімдеріне, ғимараттары мен имараттарына реттік нөмірлер тағайындау, көрсеткіштерді пайдалануға қабылдау және орнату

8. Қалалар мен басқа да елді мекендердің жер телімдеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер тағайындау, көрсеткіштерді пайдалануға қабылдау және орнату, Маңғыстау облысы аумағында қалалардың шағынаудандарының, көшелерінің, ғимараттары мен имараттары мен басқа да объектілерінің және басқа да елді мекендердің тұрган жерлерін анықтаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруға арналған;

9. Маңғыстау облысы аумағында орналасқан әрбір жер телімінің, ғимараттың, имараттың өзінің бірден-бір тағайындалған мекен-жайы болуы міндетті;

10. Осы Ережеге сәйкес реттік нөмір берілген жылжымайтын мүлік нысандары:

- 1) жер телімдері (игерілмеген және құрылыш салынған);
2) ғимараттар;
3) имараттар болып табылады.

11. Маңғыстау облысы қалаларының, елді мекендері үйлерінің, ғимараттары мен имараттарының қасбеттеріндегі, даңғылдардың, көшелердің, қысқа көшелердің қызылыштарындағы периметрлер бойынша көрсеткіштердің мынадай үлгілері орналасады:

- көшелердің атауларының көрсеткіштері;
- шағын аудандардың атауларының көрсеткіштері;
- көшелердің қызылыштарында орналасқан көше атауларының бұрыштама көрсеткіштері;
- ғимараттар, имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері.

12. Көрсеткіштердің типтік үлгісі тілдерді дамыту органдарының келісуімен сәулет органдары мен беріледі.

13. Маңғыстау облысының қала аумағы мен басқа да елді мекендерінде

орналасқан көше атауларының бұрыштама көрсеткіштері, шағынаудандары мен көшелерінің атауларының көрсеткіштері, ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері Қазақстан Республикасының "Тілдер туралы" заңының талаптарына, белгіленген тәртіп бойынша бекітілген, осы Ережемен типтік ұлгілерге белгіленген техникалық талаптарға сай болуы керек.

4 тарау. Реттік нөмірлерді тағайындауда қойылатын талаптар

14. Ғимараттар, корпустар, құрылымдар, имараттар, жер участелерінің реттік нөмірлері - цифрлардың ретімен жасалатын әріптер (А, Б, В, Г және тағы басқа есімдік болатын әріптерден басқа мысалы "Я" әріпі), алфавиттердің қазақ әріптерін тұратын (Ә, І, Ғ, Қ, Н, Ө, Ү, Ұ) және айтылуы қын әріптерді (дұбысталмайтын), не болмаса цифрларға ұқсас әріптерді (О, Ж, З, И, Х, Ц, Ч, Ш, Щ, Ъ, Ы, Ъ) қосу мүмкіндігі немесе қосалқы белгісі, қосымша толық цифрлар арқылы тұратын объектілер мекенжайларының деректемелері.

15. Ғимараттың, құрылғының, имараттың реттік нөмірлеріне мынадай жағдайларда әріптер қосылады, егер бір жер телімінде бірыңғай сәulet-ансамблін құрайтын немесе бір сәulet-құрылыш кешенінің бөлігі болып табылатын екі немесе бірнеше ғимараттар, имараттар, құрылғылар болса.

16. Ғимараттың, құрылғының, имараттың реттік нөмірлеріне мынадай жағдайларда бөлшек арқылы қосымша толық сандар қосылады, егер ғимараттар, имараттар, құрылғылар кварталдың ішінде орналасып, бірде-бір ғимараттың, имараттың, құрылғының қас беті қалалық магистралға шықпаса. Бұл кезде негізгі реттік нөмір болып, реттік нөмір тағайындалуға тиісті ғимаратқа, имаратқа жақын орналасқан ғимараттың, имараттың, құрылғының реттік нөмірі саналады;

17. Ғимараттың, имараттың және басқа да жасанды құрылғының мекен-жайы мынадай міндетті реквизиттерден тұруы керек: көше атауы, ғимараттың, имараттың, құрылғының реттік нөмірлері.

18. Жер телімдеріне төмендегідей міндетті реквизиттерден тұратын: шағынаудан атауларынан, көше атауларынан, жер телімдерінің реттік нөмірлерінен, шартты мекен-жай тағайындалады.

19. Объектінің мекен-жай құрылымы нысанның түрі мен оның сол жердегі географиялық орналасуымен анықталады, яғни ғимараттар, имараттар, жер т е л і м і .

20. Шағынауданның, өндірістік аумақтың, табиғат қорғау кешенінің (тариҳи және сәulet-ескерткіш ансамблі) атаулары, реттік нөмірлері анықталатын объектінің тұрған жері, мынадай жағдайларда объектінің мекен-жайына қосылады, егер объектінің тұрған жері тиісті шағын ауданның, өндірістік аймақтың, табиғат қорғау кешенінің белгіленген шекара аумағында орналасса;

21. Нөмірленетін обьектідегі көшениң, даңғылдың, алаңның атауы Маңғыстау облысының қалалары мен елді мекендерінің көшелерінің атауларының ресми тізіміне және нөмірленетін обьекті мен жол-көше жүйесінің элементтеріне сәйкес, көшелер, алаңдар, даңғылдардың атауларының түзетілуімен көшелер, даңғылдардың, алаңдардың ресми мекен-жай үлгісіне сәйкес қабылданады;

22. Маңғыстау облысының (Ақтау қаласы кірмейді) қалалары мен басқа да елді мекендерінің көшелерінің атауларының ресми тізімі және Маңғыстау облысының қалалары мен елді мекендерінің көшелері, даңғылдары, алаңдары мен басқа да құрылымдық элементтерінің ресми мекен-жай үлгісі Маңғыстау облысының Мемлекеттік Қала құрылышы Кадастрының базасында, сонымен бірге Маңғыстау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумағында қала құрылышы обьектілері мен элементтеріне атаулар (қайта атау) беру туралы мұрағаттық мәліметтерді қолдана отырып, облыстық ақпараттық жүйесі негізінде облыстық ақпараттар жүйесін жүргізу функциясын атқаратын мемлекеттік мекемелермен немесе кәсіпорындармен электронды түрде құрылады және жүргізді.

23. Ақтау қаласының көшелерінің атауларының ресми тізімі және Ақтау қаласының көшелері, алаңдары, кең көшелері, тұйық көшелері мен қаланың басқа да құрылымдық элементтерінің ресми мекен-жай сұлбасы электронды түрде құрылады және Ақтау қаласы аумағының қала құрылышы обьектілері мен элементтеріне атау беру туралы мұрағаттық материалдарды қолдана отырып, қалалық ақпараттық жүйесінің негізінде, Ақтау қаласының кадастрлік қызмет базасында қалалық ақпараттық жүйесін жүргізу функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелермен және кәсіпорындармен жүргізіледі.

24. Жер телімінің, ғимараттың, имараттың (сооружения), құрылғының (корпус), құрылыштың реттік нөмірлері, жобалау үшін жер телімін бөлу бойынша рұқсат құжаттарын әзірлеу сатысында немесе обьектінің реттік нөмірін облыстық және қалалық ақпараттар жүйесінің мәліметтерімен алдын ала келісім бойынша сәulet органдарымен тағайындалады.

Жер телімінің, ғимараттың, имараттың, құрылыштың реттік нөмірлері, жекелеген обьектілерді бұзы нәтижесінде қаланың немесе елді мекеннің обьектілерінің нөмірлері 10 бірліктен жоғары деңгейде жоғалады.

25. Реттік нөмірлерді тағайындау мен магистралдар бойында орналасқан және оңтүстікten солтүстікке дейін үздіксіз құрылышты құрайтын ғимараттарды (үйлерді) нөмірлеу, көшениң оң жағынан жұп сандармен және сол жағынан тақ сандармен оңтүстікten солтүстікке қарай жүргізіледі.

26. Реттік нөмірлерді беру мен магистралдар бойында орналасқан және батыстан шығысқа дейін үздіксіз құрылышты құрайтын ғимараттарды (үйлерді) нөмірлеу, көшениң оң жағынан жұп сандармен және сол жағынан тақ сандармен

батыстан шығысқа қарай жүргізіледі.

27. Әр түрлі категориялы көшелер қылышында орналасқан ғимараттарға (үйлерге) магистралды көшелердің жіктеуіне сәйкес жоғары категориилы көшелерден реттік нөмірлер тағайындалады.

28. Тең (бірдей) категориилы көшелер қылышында орналасқан ғимараттарға реттік нөмірлер ғимараттың негізгі қас беті (фасад) көрінетін көшелерден тағайындалады. Егер бұрышқа бір ғимараттың бірдей мағыналы екі қас беті көрінсе, онда реттік нөмір қаланың орталығы бағытына жүретін көшеден тағайындалады. Егер ғимараттың негізгі қас беті ауланың ішінде болса, реттік нөмір ғимарат шеті шығып тұрған көшеден тағайындалады;

29. Алаңның периметрін құрайтын ғимараттарға реттік нөмір тағайындау орталықтан негізгі магистралдан бастап сағат тілінің бағытымен жүргізіледі. Егер бұрыштағы ғимараттың негізгі қас беті болса және жанасатын көшениң бойы айтарлықтай ұзын болса, онда нөмірлеу алаң бойынша емес, көше бойынша жүргізді.

30. Осы Ереженің 27, 28 тармақтары орындалмайтындағы қала аумағының жаңа құрылышы қалыптасса, сол аумақтағы үйлер мен ғимараттарға реттік нөмір мен нөмір тағайындау кері, яғни солтүстіктен оңтүстікке немесе шығыстан батысқа қарай, көшениң оң жағынан тақ сандармен, көшениң сол жағынан жуп сандармен нөмірленеді.

31. Сол аумақта орналасқан имараттары мен ғимараттары нөмірленетін жер телімі аумағынан негізгі ғимарат анықталады. Негізгі ғимараттың реттік нөмірі көшелердің белгіленген жіктеуі есебі бойынша анықталады.

32. Жер телімі аумағында орналасқан өзге ғимараттар мен имараттарға Ережеге сәйкес негізгі ғимараттың нөмірі және құрылғы мен құрылыштың қосымша нөмірі тағайындалады. "Құрылғы" немесе "құрылыш" деген белгі қажет болса, жер телімі аумағының функционалдық пайдаланылуының есебімен ғимараттың функционалдық мақсатына қатысты анықталады.

33. Ғимаратты нөмірлеу негізгі ғимараттың орналасу есебімен, жер телімі аумағына негізгі шығатын жерінен бастап жүргізіледі.

34. Заңды немесе жеке тұлғаның жер телімінде жеке меншігіндегі, арендадағы немесе басқа да заттай құқықты бір немесе қосымша жылжымайтын мүлік объектісін жүргізсе, әрбір ғимаратқа құрылғының немесе құрылыштың қосымша нөмірі қосылып сол реттік нөмір беріледі.

35. Бұрын бір жүйелі нөмірмен нөмірленген екі ғимараттың, құрылғының ортасында орналасқан ғимаратқа осы Ережеге сәйкес тиісті объектінің әріп немесе бөлшек қосып жазып ең кіші нөмірін береді.

36. Дербес объекті болып тұрған жанама салынған және жартылай жанама салынған ғимаратқа негізгі ғимараттың нөміріне бөлшек арқылы қосымша бүтін

сан қосу арқылы нөмір беріледі.

37. Коршаулар, төсеген жолдар, қазылған шұңқырлар, құдықтар, қоймалар, тротуарларсыз имараттарға сол жерде орналасқан имараттың, ғимараттың немесе жер телімінің (негізгі ғимарат жоқ болған жағдайда) нөміріне "құрылғы" деген көрсеткішті қосып нөмір береді.

38. Игерілген, бірақ әлі нөмірленбegen жер теліміне сол жер телімі ішіндегі имараттар мен ғимараттардың нөмірі беріледі.

39. Бір жер телімінің ішінде өзге де объектінің ғимараттары, имараттары орналасқан жағдайда жер теліміне негізгі ғимараттың, имараттың нөмірі беріледі

Ал игерілмеген жер телімдеріне осы Ережеге сәйкес қарапайым реттік нөмір беріледі, ол кезде мынадай шарттарды сақтау керек: әрбір жер телімі өзінің бірден-бір нөміріне ие және жер телімдеріне реттік нөмірлер жер телімдері белгілерінің сол немесе өзге қала құрылышы бірліктеріне (көше, алаң, проспект т.б.) тиістілігі негізінде тағайындалады.

40. Игерілмеген, нөмірленген жер телімінен жаңа ғимарат, имарат салғанда, салынған нысанға нөмірлеудің жалпы тәртібін сақтау шарты бойынша сол жер телімінің шартты реттік нөмірі немесе осы Ереженің талаптарының орындалуымен жаңа жеке реттік нөмір тағайындалады.

41. Қайта салынған ғимаратқа реттік нөмір беру және қолданыстағы объектілердің реттік нөмірлеріне өзгеріс енгізу сәulet органымен, облыстық және қалалық ақпараттық жүйенің бөлшекті жоспары жобасының мәліметтері негізінде жүргізіледі.

42. Мемлекет қажеттілігі үшін алынатын жер телімдеріндегі қарқынды бұзу аумақтарында, жобаланып жатқан ғимараттар (имараттар) үшін реттік нөмірлерді сактап қою рұқсат етіледі.

5 тарау. Мекен-жай құрылымының стандарты

43. Объектінің мекен-жай құрылымы мынадай талаптарға сай болуы керек: мекен-жай реквизиттері дедуктивті әдіспен (жалпыдан жекеге) қатаң нақтылы жүйеде жазылумен көрсетіледі;

объектінің мекен-жайы, ":" жалғауынан кейінгі, "мекен-жай"; атауынан кейін келетін реквизиттерден тұратын атаулы бөлім болып табылады;

объектінің мекен-жайы мемлекеттік, орыс және басқа да тілдерде жазылады; объектінің мекен-жайын жазғанда қала құрылышы элементтерінің санаттарын қысқартуға болады:

аудан - (ауд.);
шагынаудан - (шаг.ауд.);

ж ағ а л а у	а л а н	-	(ж ағ .) ;
а л л е я		-	(а л л .) ;
даңғыл		-	(даң .) ;
тұйық	көшे (туник)	-	(тұй . к .) ;
	т р а с с а	-	(т р .) ;
	п р о е з д	-	(п р - д .) ;

нысанның мекен-жайын жазғанда қаланың немесе әкімшілік ауданың атауын толық жазуға болады, сонымен бірге қысқартуларды да пайдалануға болады, мысалы: қала (қ.), аудан (ауд.);

мекен-жай жазғанда қала құрылышы элементтерінің бекітілген элементі (шағын аудан, көшенің, алаңнан) толық көшірілуі керек, мысалы:

мекен-жай: Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, Тобанияз көшесі, 100, 52 пәтер ;

мекен-жай: 28 шағын аудан, 5 үй, 34 пәтер;

мекен-жай: "Юбилейный" шағынауданы, 3^б.

44. Бір объектіге қаланың әр бөлігінен немесе басқа елді мекеннен бірнеше мекен-жай тағайындауға жол берілмейді.

6 тарау. Ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер көрсеткіштерін, шағынаудан мен көше атауларының көрсеткіштерін, көше атауларының бұрыштама көрсеткіштерін қондырудың талаптары 1. Жалпы талаптар

45. Ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлері, көшелер мен шағын аудандардың атауларының көрсеткіштері үйлердің қас бетінен төмендегідей тәртіпте қойлады :

1) қайта салынған ғимараттарды пайдалануға тапсыру кезінде:

тапсырыс беруші облыстық және қалалық ақпараттар жүйесінің мәліметтері негізінде ғимаратқа реттік нөмір тағайындастын және географиялық жағынан мекен-жай тағайындалатын объекті бекітілген проспект, кең көшенің, көшенің дұрыс атауын анықтайтын сәулет органына хабарласады;

Сәулет органынан алынған мәліметтер негізінде тапсырыс беруші көше мен шағынаудан атауларының көрсеткіштерінің үлгісінің (эскиз) жобалау құжаттарымен, ғимараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткішімен тілдерді дамыту жөніндегі органның келісуімен сәулет органдарымен алдын ала келісімі бойынша, өз қаржысының есебінен, осы Ереженің талаптарына сәйкес ғимараттың реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін, көше мен шағынаудандардың көрсеткіштерін дайындауды және орнатуды жүргізеді;

2) Ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлері, көшелердің, шағынаудандардың атаулары өзгергенде, ғимараттар мен имараттардың реттік

нөмірлерінің көрсеткіштері, көшелер мен шағынаудандар атауларының көрсеткіштерін ауыстыру және орнату (қондыру) облыстық және қалалық "Мекен-жай тізімі" ақпараттық жүйесінің мәліметтері негізінде сәulet органымен жүргізді.

46. Ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер, көшелердің және шағынаудандардың атауларының көрсеткіштерін орнату мемлекет қаржысының және инвесторлардың қаржысы есебінен жүргізуі мүмкін.

47. Қас бетінде көрсеткіш қондырылған ғимараттарды (имараттар) бұзғанда, көрсеткіштің құны ғимараттарды бұзу шығынының құрамына кіреді және бұзуды өзі рұқсат еткен ғимараттың иесіне (балансұстаушы, пайдаланушы, инвестор) белгіленген тәртіп бойынша өндіріп беріледі.

48. Көрсеткіштер жол белгілерімен, ішкі жарнама құралдарымен және олардың екі жағынан қолданылатындей болып орналаспау керек. Көрсеткіштерді бағдаршамдардың тіреулеріне орналастыруға ғана жол беріледі.

49. Көрсеткіштер уақытқа тәуелсіз ажыратылуы тиіс.

2. Көше атауларының көрсеткіштері

50. Көше атауларының көрсеткіштерінің тексті Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заңнамаларының талаптарына сәйкес болуы к е р е к .

51. Көше атауларының көрсеткіштері қылыш түзетін, көшеге шығатын ғимараттар мен имараттардың қас беттерінде жер бетінен 2,5 м -ден 3,0 м-ге дейінгі биіктікте, ғимараттың немесе имараттың бұрышынан қылышқа шығатын жермен 25-30 см ара қашықтықта орналасады.

52. Көше атауларының көрсеткіштері типтік үлгіге сәйкес магистралды жолға шығатын барлық ғимараттар мен имараттардың қас беттеріне орнатылады.

3. Шағынаудандар атауларының көрсеткіштері

53. Шағынаудандар атауларының көрсеткіштері шағынаудандарға жататын және шағынаудандарды шектейтін көшенің қылышында орналасқан ғимараттар мен имараттарға немесе көшенің түйіскен жерінде шағын ауданды шектеулі көшелермен шағынауданға шығар жолды шектейтін шартты көшенің түйіскен жерінде орналасады.

54. Шағынаудандар атауларының көрсеткіштері ғимараттар мен имараттардың қас беттерінде жер бетінен 2,5 м-ден 3 м-ге дейінгі биіктікте, ғимараттың немесе имараттың бұрышынан көшенің түйіскен немесе шартты түйіскен жеріне дейінгі 25-30 см ара қашықтықта орналастырылады.

55. Шағынаудан атауларының көрсеткіштері шағынаудандар атаулары

көрсеткіштерінің типтік үлгісіне сәйкес, шағынаудандарды шектейтін, жылдамдықты және реттелетін қозғалысты магистралды жолдарға, ауданаралық және жалпықалалық маңызы бар магистралды көшелерге, аудандық маңызы бар магистралды көшелерге, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдарғашығатын ғимараттар мен имараттардың қас беттеріне орнатылады.

56. Ғимараттар, имараттардың қас беттеріне шағынаудан атауының көрсеткіші орнатылған жағдайда көшениң атауының көрсеткіші орнатылмайды.

4. Нысандардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері

57. Ғимараттар, имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері әрбір ғимараттың немесе имараттың қас бетінің сол жағынан көшениң тақ жағына, қас беттің оң жағынан көшениң жұп жағына, жер бетінен 2,5 м-ден 3,0 м-ге дейінгі биіктікте, үйдің бұрышынан 25-30 см ара қашықтықта орналастырылады.

58. Ғимараттар, имараттардың қас беттерінде шағынауданның немесе көшениң атауының көрсеткіштері орналасса, ғимараттар немесе имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері шағынауданның және көшениң атауының көрсеткішінен соң көлденен осі бойынша орналастырылады.

59. Ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері шағынаудандар мен кварталдар ішінде ішкі кварталға өтетін жерге шығатын, жер бетінен 2,5 м-ден 3,0 м-ге дейінгі биіктікте, үйдің бұрышынан 25-30 см ара қашықтықта, ғимараттар мен имараттардың қас беттерінің сол жағынан, ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштерінің типтік үлгісіне сәйкес орналастырылады.

5. Көше атауларының бұрыштама көрсеткіштері

60. Көшелердің түйіскен жерлерінде орналасқан көше атауларының бұрыштама көрсеткіштері (аншлаг) көшениң түйіскен жерінде орналастырылады және 4 м-ден аспайтын биіктікте темір тіреулерден орнатылады.

7 тарау. Қосымша талаптар

61. Жер телімдеріне, ғимараттар мен имараттарға тағайындалған реттік нөмірлер туралы мәліметтер облыстық және қалалық "Мекен-жай тізімі" ақпараттық жүйесінде міндettі тіркелуге жатады.

62. Жеке тұлғаның меншігіндегі уақытша мақсаттағы нысандарға, шаруашылық құрылыштарға, гараждарға және гараж кооперативтерінің, қоғамдардың, бау-бақша телімдерінің құрамына кіретін, қала және басқа елді мекендердің инженерлік инфрақұрылым объектілеріне реттік нөмірлер

тағайындалмайды.

63. Уақытша мақсаттағы нысандарға өздерінің жеке реттік нөмірлері иеленбейді, бірақ қасында орналасқан тұрақты тұрақты реттік нөмірі бар объектіге қатысты оның тұрған жері анықтамамен анықталады.

64. Гараж кооперативтерінің құрамына кіретін гараждардың, қоғамдықтардың, сәйкесінше бау-бақша қоғамдықтарын құрайтын бау- бақша телімдерінің тұрған жерлері, осы кооперативтер мен қоғамдықтардың басқару органдарының шешімдерімен, әрбір объектіге жеке нөмір беру арқылы анықталады. Тиісті басқару органдары болмаған жағдайда жеке нөмір тағайындау сәulet органдарымен жүзеге асады.

65. Мекемелердің дайындаған және жасақтаған объектілердің реттік нөмірлері туралы мәліметтері құжаттарға толтыру кезінде, ғимараттар мен имараттардың, жер телімдерінің реттік нөмірлерін өз еркінше жазуға рұқсат етілмейді.

66. Ғимараттар мен имараттардың қас беттерінде орналастырылған көрсеткіштерде Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамаларының және осы Ереженің талаптары бұзылған болса, тапсырыс берушімен демонтаждалады (жөндөледі).

67. Ғимараттар мен имараттардың меншік иелері (балансұстаушылар) шағын - аудандар мен көшелердің көрсеткіштерін, ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін жөндеп ұстауды қарастырады.

68. Шағынаудандар мен көшелердің көрсеткіштері, ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері іsten шыққан, бұзылған, ескірген немесе жоғалған жағдайларда меншік иесімен ауыстырылады.

69. Ғимараттар мен имараттардың меншік иелері, көрсеткіштер орналастырылған объектіге оларды орналастыруды, ұстауды, пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметкерлеріне кедергісіз еркін кіруді қамтамасыз етеді.

3 Бөлім. Қала құрылышы элементтері атауларының немесе объектілердің реттік нөмірлерінің өзгерісінен(өзгерткеннен) кейінгі заң жүзінде куәландырылатын және басқа да құжаттарына өзгерістер енгізуудің ТӘРТІБІ

70. Құжаттарға белгіленген өзгерістерді енгізу заңды және жеке тұлғаның ықыласымен немесе тіркелген органдарғы мүлікке қатысты қандай да болмасын келісім-шарт мезгілінде жүргізіледі.

4 Бөлім. Қорытынды ережелер

71. Ережеде қамтылмаған қатынастар (әрекеттер) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК